



Презентация

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Орындаған: Берикова А

Тексерген: Жұматай Ж

Факультет: ТФП 003-01

Курс:1

Жоспар


1. Жұмыссыздық және оның түрлері.
2. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі.
3. Инфляция деңгейі.
4. Болжанған және болжанбаған инфляция

Экономикалық дамудың циклділігі (кезеңділігі) – өндірістің өсуі құлдырауымен, іскерлік белсенділіктің артуы кемуімен алмасып отыратын нарықтық экономиканың үздіксіз толқулары. *Экономикалық цикл* – бұл бір экономикалық құлдыраудың басталуынан екіншісінің басталуына дейінгі кезең. Яғни, ол өндіріс, инфляция, жұмысбастылық деңгейінің қандай да бір уақыт аралығындағы өзгеруі.

Цикл фазасы	Ерекшеліктер
<p>Құлдырау (Сурет-1-дегі АЭ қисығы)</p>	<p>өндіріс көлемінің қысқаруы => жалақының төмендеуі => жұмыссыздықтың көбеюі => пайыз мөлшерлемесінің көтерілуі => банк, кәсіпорындардың банкроттыққа ұшырай бастауы => елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдайдың нашарлауы</p>
<p>Тоқырау (Сурет-1-дегі ӘВ қисығы)</p>	<p>өндірістің, бағаның төмендеуінің, тауарлардың босалқы қорларының өсуінің тоқталуы => кәсіпкерлік сектордың жаппай банкроттыққа ұшырауы => жаппай жұмыссыздық => өте төмен жалақы => пайыз мөлшерлемесінің төмен деңгейі => экономика шыңырауға (Сурет-1-дегі Б нүктесі) дейін құлап, тоқырауы => іскерлік белсенділікке негіз қалыптаса бастауы</p>
<p>Жандану (Сурет-1-дегі BC қисығы)</p>	<p>өндіріске инвестициялар келе бастайды => іскерлік белсенділіктің жандана бастауы => жұмыссыздық азая бастауы => бағалардың көтеріле бастауы => өндіріс көлемінің өсуі => экономиканың бұрынғы шың деңгейіне (сурет-1-дегі А нүктесі) жетуі</p>
<p>Өрлеу (Сурет-1-дегі CD қисығы)</p>	<p>Бағалардың едәуір өсуі => жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне дейін азаюы => шамадан тыс жұмыспен қамтылу => жалақының жоғары деңгейі => несиеге сұраныстың артуы => бос ақша капиталы ұсынысының өсуі => өндірістің экстенсивті ұлғаюы => тауарлардың артық өндірілуінің ұлғаюы (AS > AD) => экономиканың шың деңгейіне (Сурет-1-дегі А және Д нүктелері) жетуі</p>

ЖІӨ

I экономикалық цикл



Экономикалық цикл

Жұмыспен қамтамасыздық маңызды макроэкономикалық сипат. Ол жұмыспен қамтылған жұмысқа қабілетті адамдар саны. Жұмысқа қабілетті, бірақ жұмысы жоқ адамдар жұмыссыздарды құрайды. Жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылғандар сомасы экономикадағы еңбек ресурсын (белсенді халық санын) құрайды.

Жұмыссыздық түрлері:

1. Фрикциондық жұмыссыздық орын ауыстыру қажеттілігінің объективтілігімен байланысты;
2. Құрылымдық жұмыссыздық жұмыс орыны құрылымының жұмыс күші құрылымына сәйкес келмеуінен болады;
3. Циклдық жұмыссыздық экономикалық құлдырауға байланысты жұмыссыздық.

Толық жұмысбастылық экономикада фрикционды және құрылымдық жұмыссыздар болса да орын алуы мүмкін.

Жұмыссыздық деңгейі = жұмыссыздар саны/жұмыс күші *100%
Жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік салдары болады: ЖҰӨнің потенциалды деңгейінен қалыс қалуы, әртүрлі әлеуметтік топтар арасында жұмыссыздық шығындары әркелкі таралады, жұмысшылардың квалификациясы жойылады.

Мемлекет еңбек рыногын үш бағытта реттей алады: еңбек биржалары арқылы жұмыссыздарды қайта оқыту, еңбек қатынастарын құқықтық қамтамасыз етеді, жұмыссыздықтан зиян шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі (u^*) – бұл уақытша жұмыссыздар мен құрылымдық жұмыссыздар санының жиынтығы:

$$u^* = U_f + U_s$$

Яғни, толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі ***жұмыссыздықтың табиғи деңгейі*** деп аталады және ол жұмыс күшінің жуық шамамен 5 %-ын құрайды. ***Толық жұмыс бастылық*** – циклдік жұмыссыздық жоқ, яғни нөлге тең ($U_{dd} = 0$) болғандығы жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуы деңгейі. Толық жұмысбастылық кезінде ұлттық өндіріс қуатының 80-90 %-ы қолданыста болады және осы күйдегі ұлттық өндірістің көлемін ***әлеуетті (потенциалды) ЖІӨ*** деп атайды

Уақытшы жұмыссыздық (U_f) – бұл өздерінің біліктілігіне және жеке қалауларына сәйкес келетін жұмысты іздеп жүрген немесе күтіп отырған жұмыс күшінің бір бөлігі. Бос жұмыс орындары және оған үміткерлер туралы ақпараттар жеткіліксіз, тіптен бар болған күннің өзінде бұл ақпараттар таралуы үшін белгілі шамада уақыт қажет. Міне, сондықтан да жұмыстан өз қалауы бойынша немесе еріксіз босағандар және жұмыс күшінің құрамына жаңадан қосылған мамандар белгілі бір мерзім аралығында жұмыссыз болады. Бұл топтың басты артықшылықтарының бірі – олардың еңбек нарығында сата алатын дайын «кәсіби дағдысы» бар. Яғни, олар өздерінің еңбек күшін тез арада сата алады. Қорыта айтқанда, уақытша жұмыссыздар өздерінің еңбек күшін тез арада сату арқылы, қысқа мерзімді кезеңде жұмысбастылар санатына қосылады.

Құрылымдық жұмыссыздық (U_s) – бұл жұмыс күшіне сұраныстың құрылымын өзгертетін өнеркәсіптегі технологиялық ілгерілеушілікпен байланысты туындайтын, жұмыссыздықтың бір түрі. Яғни, **құрылымдық жұмыссыздар** – олар ғылыми-технологиялық ілгерілеушілік нәтижесінде мамандықтары аса қажетсіз немесе мүлдем жарамсыз болуы себепті жұмыстан шығып қалғандар не жұмыс таба алмай жүрген тұлғалар. Құрылымдық жұмыссыздық көбінесе еріксіз (амалсыз) және ұзақ мерзімді сипатта болады. Себебі, еңбек нарығында олардың «дайын машығына» (мамандығына) сұраныс жоқ болғандықтан, оларға кәсіби қайта даярлықтан өтуіне немесе тұрғылықты мекендерін ауыстыруларына тура келеді. Аталмыш шаралар едәуір ұзақ уақытты қажет етеді

Циклдік жұмыссыздық (U_{dd}) – экономикалық циклдің құлдырауы кезеңінде жиынтық тұтыну шығындарының азаюы салдарынан өндірістің қысқаруымен байланысты пайда болатын, жұмыссыздықтың бір түрі. Циклдік жұмыссыздар – бұлар ұлттық өндірістің қысқаруымен байланысты жұмысын жоғалтқандар. Экономикалық циклдің құлдырау және тоқырау фазасында уақытша және құрылымдық жұмыссыздық циклдік жұмыссыздықпен толықтырылады. Ал, циклдік өрлеу фазасында циклдік жұмыссыздық болмайды ($U_{dd} = 0$).

Тұрақсыздығы экономиканың жағдайын сипаттайтын ең маңызды макроэкономикалық индикаторлардың бірі – инфляция. *Инфляция* (inflatio) – бұл елдегі орташа (жалпы) бағаның деңгейінің есептік кезеңдегі көтерілуі үрдісі. Бірақ, мұнда бір ескеретін жай инфляция кезінде барлық тауарлар мен қызметтердің бағасы барлығы бірдей көтерілмейді. Яғни, игіліктердің біреуіне баға жоғары қарқынмен, екіншісіне баяу өссе, енді бірінің бағасы өзгеріссіз қалып, келесі біреулерінің бағасы тіптен төмендеуі де мүмкін. *Инфляция деңгейі* (баға деңгейінің өсу қарқыны) – орташа баға деңгейінің белгілі бір уақыт аралығындағы салыстырмалы өзгерісі.

Макроэкономикалық үлгілерде инфляция деңгейі келесі түрде бейнеленеді:

$$\pi = \frac{P_d^o - P_d^o}{P_d^o} \times 100 \% \quad (9)$$

Мұндағы, π – инфляция деңгейі, %;

P_d^o – ағымдағы кезеңдегі бағаның орташа деңгейі, %;

P_d^o – базистік кезеңдегі бағаның орташа деңгейі, %.

Орташа баға деңгейі баға индексінің көмегімен анықталады. Кей жағдайларда инфляция деңгейін анықтауда тұтыну бағасының индексі (CPI) қолданылады. Онда, инфляция деңгейі келесі түрде өрнектеледі:

$$\pi = \frac{CPI^o - CPI^o}{CPI^o} \quad (10)$$

Мұндағы, CPI^o – ағымдағы кезеңдегі тұтыну бағасының индексі, %;

CPI^o – базистік кезеңдегі тұтыну бағасының индексі, %.

Инфляцияның пайда болу тегіне байланысты:

- *сұраныс инфляциясы* – артық жиынтық сұраныс салдарынан пайда болған инфляция;
- *ұсыныс инфляциясы* – жеткіліксіз жиынтық ұсыныс салдарынан пайда болған инфляция

Инфляцияның байқалуы дәрежесіне байланысты:

- *болжанған инфляция* – экономикалық агенттердің алдын-ала болжаған деңгейінде (күтіп отырған қарқынмен) өтетін инфляция;
- *болжанбаған инфляция* – экономикалық агенттер күтпеген қарқынмен өтетін инфляция.

Бағаның өсу қарқынына экономиканың қаншалықты нәтижелі бейімделуіне байланысты:

- *балансталған инфляция* – басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің бірқалыпты өзгеруіне сәйкес бағаның бірқалыпты өсуі;
- *балансталмаған инфляция* – бұл кезде экономика өзгеріп жатқан жағдайларға уақтылы бейімделе алмайды.

Ресейдегі 1996-1999 жылдардағы инфляция деңгейі, %

Инфляция деңгейі	1996 жыл	1997 жыл	1998 жыл	1999 жыл
Ласпейрес индексімен	48	15	28	88
Пааше индексімен	43,9	16,6	11,4	74,9

Болжанған инфляция жағдайында табыс иесі инфляцияның жағымсыз салдарының алдын-алу немесе азайту үшін шаралар қолданады. Олай істемеген жағдайда, оның нақты табысының шамасына кері әсер болады. Яғни, нақты табыстың шамасы инфляция шамасына қысқарады.

Ұлттық табыстың атаулы мөлшеріне инфляция салдарынан арылту үшін түзетулер Фишер теңдігінің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. *Фишер теңдігі* келесі түрде бейнеленеді:

$$i = r + \pi^e$$

Мұндағы, r – нақты пайыздық мөлшерлеме, %;

i – атаулы пайыздық мөлшерлеме, %;

π^e – күтілетін инфляция деңгейі, %;

Инфляция қарқыны 10%-дан көп болған жағдайда Фишер теңдігі келесі түрде болады:

$$r = \frac{i - \pi^e}{1 + \pi^e}$$

Болжанбаған инфляция атаулы табысы орташа баға деңгейінен тез өсетін экономикалық агенттердің табысынан басқа барлық түрдегі тұрақты табыстарды қысқартады. Болжанбаған инфляция кезінде қарыз алушы қарыз беруші есебінен ұтымды жағдайда болады. Өйткені, қарыз алушы өз қарызын құнсызданған ақшамен қайтарады. Мысалы, үкімет мемлекеттік қарыз көптеп жинақталып қалған кезде қысқа мерзімдік инфляцияны белсендіру саясатын жүргізу арқылы өз қарызын салыстырмалы түрде құнсыздандырады.

Инфляцияның экономикалық-әлеуметтік зардаптары оған шалдыққан елдердің үкіметін инфляцияға қарсы бағытталған белгілі бір экономикалық саясат жүргізуге мәжбүрлейді. Бірақ, жүргізілетін саясаттар әр елдің ерекшеліктеріне байланысты болады. Инфляцияға қарсы саясаттың негізінен екі бағыты бар. Олар:

- *кейнсиандық инфляцияға қарсы саясат;*
- *монетаристтік инфляцияға қарсы саясат.*

Пайдаланған әдебиеттер

Макконнелл К.Р., Брю С.Л.. Экономикс: принципы, проблемы и политика, в 2-х т. – М. : Инфра-М, 1996, 2000.

Мамыров Н.К., Тілеужанова М.А. Макроэкономика. – Алматы, 2003

Микро-макроэкономика. Практикум. Задачи, тесты, ситуации . – СПб.,1994

Мэнкью Н.Г. Принципы экономикс. – С-Пб.: Питер, 2005

Мэнкью Н.Г. Макроэкономика. – М.: МГУ, 1994

Носова С.С. Экономическая теория – М.: Гуманит, 2003

Пигу А. Экономическая теория благосостояния. – М. : Прогресс, 1985. – 258 с.

Протас В.Ф. Макроэкономика: структурно-логические схемы: учебное пособие для вузов. – М. : ЮНИТИ, 1997. – 97 с.

Сакс Д. Макроэкономика: глобальный подход. – М.: Изд-во МГУ, 1998

Селищев А.С. Макроэкономика. – СПб.: Питер, 2005

